

Еркін бағдарламалық қамтаманы локализациялау

Бауржан Муфтахидинов
<http://baurzhan.info>
#aif2012

Терминдер

Бағдарламалық қамтама - компьютерде жөнелтілетін (орындалатын) жеке бағдарламалар не бағдарламалық дестелер.

Локализация - БҚ-ны қандай да бір тілге аудару мен осы тілде сөйлейтін адамдарға қолдануға икемдеу.

Тегін бағдарламалық қамтама

Тегін, яғни ақшасыз алуға/қолдануға болады, бірақ

- Ашық емес, өздік (проприетарлы) лицензиялар аясында таратылады
- Қайта таратуға, өзгертуге болмайды
- Бастапқы кодтары қолжетерсіз
- БҚ өндірушісіне өз әсеріңізді тигізе алмайсыз, және оған тәуелді боласыз

Еркін бағдарламалық қамтама (ЕБҚ)

Әрине, оны да тегін алуға/қолдануға болады, және де

- Ашық лицензиялар аясында таратылады
- Қайта таратуға, өзгертуге болады
- Бастапқы кодтары қолжетерлік!
- Ақаулықтар тез түзетіледі, сондықтан қауіпсіздігі жоғары болады
- Керек мүмкіндіктерді өзіңіз жазып, қоса аласыз
- Нағыз қолдану еркіндігін береді (Free as in Freedom)

Біз ЕБҚ қолдаймыз!

- ЕБҚ-ның Қазақстандағы заңдық күйі маған белгісіз
- Қолданудың басты артықшылығы ретінде оның тегін болғаны емес, БҚ өндірушісінен тәуелсіз болуы бағаланады
- Еуропа оған көшуде
- Оған әсер етуге болады, мыс. аударуға (локализациялауға) болады

БҚ-ны қазақ тіліне аудару ерекшеліктері

- Компьютерлік терминдердің жетіспеуі
- Халықаралық терминдерді жаппай алмастыру - жаман әдет
- Microsoft корпорациясы жақсы сөздікті жасады

Өзім болсам

- 2008 жылы қазақша локализацияға кірістім
- Кәсіби аудармашы емеспін
- Тек жеке қызығым үшін айналысамын
- Анти-Вэ компаниясын қолдамаймын
- Linux ОЖ-сін қолдануға тырысамын
- 2010 жылы Қазақстандағы IBM Linux Орталығы өткізген сайысқа қазақша Firefox-ты ұсынып, арнайы орынға ие болдым

Mozilla Firefox интернет браузері

- Жылдам, қауіпсіз, заманауи браузер
- 70-тен астам тілдерге аударылған
- Windows, Linux, Mac үшін нұсқалары бар
- Мүмкіндіктері көп, әрі оларды түрлі кеңейтулерді орнатып, көбейтуге болады

Басқа браузерлермен салыстыру

Браузер	Қазақша нұсқасы бар ма	ОЖ	Еркін БҚ ма?
Google Chrome	Жоқ	Windows, Mac, Linux	Жоқ (Бар - Chromium)
Internet Explorer	Тек қазақша Windows ішінде	Windows	Жоқ
Opera	Бар	Windows, Mac, Linux	Жоқ

Mozilla Firefox-ты қазақшалау тарихы

- 2008 қыркүйекте басталды
- 2009 көктемде бетаға ендік, яғни аударма ресми түрінде қабылданды
- 2012 жылы күзде қазақша Firefox 17 бетадан ШЫҚТЫ

Қатысатын адамдар

- Өзім
- Тимур Тимирханов. Mozilla-мен қатынас пен техникалық жағы үшін жауап береді, қазақша аудармашы емес.
- Даурен Сарсенов. 2008-2010 жылдары ішінде көп үлес қосты.
- Жанболат Сатыбалдинов. Жаңадан қосылды, өте жақсы прогресс жасауда.
- Тағы да аудармашылар керек!

Қазіргі кезде

- Аудару ешқашан тоқтамайды, жаңа нұсқаларда жаңа сөздер қосылады
- Қазақ тіліндегі нұсқасы бір апта ішінде шамамен 350 рет іске қосылады
- Қалыптасқан сөздік - бағдарлама ішінде
- Аудармашылар саны ешқашан 2-3 адамнан аспаған
- Қазақша аударма <http://mozilla-kazakhstan.org/narro> сайтында жасалады

Қосымша

- Firefox-тың ең таңымал екі кеңейтудің де қазақша аудармалары бар, олар:
 - Adblock Plus - интернет парақтарындағы жарнаманы алып тастайды
 - Noscript - JavaScript орындалуын таңдауыңызша рұқсат ету

Браузерден әрі қарай

- Негізгі кандидат - LibreOffice, бұрынғы OpenOffice
- Linux ОЖ негізіндегі қазақша жұмыс үстелі

LibreOffice кеңселік дестесі

- ЕБҚ, басқа кеңселік дестелерін алмастыра алады
- Windows, Linux, Mac үшін бар
- Жалпы аударуға 100000 сөз бар
- Қазақша нұсқасын 2003 жылы МИРАС университеті жасаған, қазір ол тек 50%-ға аударылған
- Бірақ, аудару сапасын көтеру керек
- <https://translations.documentfoundation.org/>

Тағы

- Оған қоса, аударуға келетін көмек файлдары бар
- LibreOffice-ті аудару мен актуалды түрінде ұстау үшін бірден көп аудармашы және қолдау көрсетілуі керек
- Мен өзім оны аударумен айналыспаймын

Linux операциялық жүйесі

- Таза түрінде жоқ, Linux - операциялық жүйенің ядросы ғана
- Дистрибутивтер ретінде келеді
- Ең таңымал түрлері: Ubuntu, Debian, Red Hat
- Вирустары жоқ, қауіпсіз болып келеді
- Қазақша жұмыс үстелі үшін ең жақсы таңдау

Kazsid - қазақша Linux үлгісі

- Debian GNU/Linux негізінде жасалған
- Жаңа дистрибутив емес, таза Debian
- Қазақ тіліндегі ЕБҚ аудармаларының ағымдағы күйін көрсетеді
- Демо LiveCD, бірақ орнатуға да келеді
- Ай сайын жаңартылады
- Қазақ және орыс тілдерінде
- <http://baurzhan.info/tag/kazsid>
- <https://github.com/crayxt/kazsid>

Kazsid ішінде не бар

- Қазақша жұмыс үстел ортасы (Xfce)
- Қазақша браузер, аудио мен видео ойнату бағдарламалары, архивтеуші, орнатқыш, подкасттар, торрент, Jabber клиенттері, жылдам теруді үйретуші, PDF/DJVU файлдарын оқу, фотосуреттерді басқару, т.б. бағдарламалары бар.
- Біршама бағдарлама тек орыс не ағылшын тілдерінде, мыс. LibreOffice, The Gimp.

Маңызды

- Аудармалардың барлығы ЕБҚ авторларына жіберіледі, және авторлармен әрқашан да хабарласуға тырысамын
- Қазақша жұмыс үстел ортасын алу үшін Kazsid-ты қолдану міндетті емес, басқа да дистрибутивтерден осындай жүйені алуға болады

Нәтижесінде не болады?

- Нәтижесінде әркім үшін қолжетерлік, қолдануға ыңғайлы, тегін, қауіпсіз, жылдам, заманауи жұмыс үстел жүйесін алуға болады. Қазақ тілінде.

Рахмет!

Сұрақтар???